

# НҰРСЫЛТАН НАЗАРБАЕВ

1996 жылы 6 шілде күні Алматы облысы Шамалган

Қазақстанның мемлекет қайраткері,  
ғалым, Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті.

1967

жылы Қарағанды металлургия комбинатына қарасты жоғары техникалық оқу орынына түсті

1976 жылы Кеңес Одағы коммунистік партиясы Орталық комитетіне қарасты Жоғары партия мектебін бітірген.



# БАЛА НҰРСЫЛТАН

- Жасөспірім шағы Нұрсұлтан тек өз сыныбындағы ғана емес, мектептегі ең үздік оқушының бірі болды, сабақты зор ынта-ықыласпен оқыды. Ол өзінің аса құштарлығын білетін ағайын-туыстары әкеп берген кітаптардың бәрін оқып шығуға жан-тәнімен кірісті. Жас кезінде Іле Алатауының баурайында жазғы демалыс күндерінде әкесіне көмектесіп жүргенде тұңғық жұлдызды аспан астында жанған алау маңына түнеген романтикалық сәттері де болды. Әке-шешесі осы өлкеде ежелгі заманда өмір сүрген бабалардың берік түп-тамырынан сыр шертетін салиқалы әңгімелер айтып, жан-дүниені тербейтін әндер шырқайтын. Кез келген қазақ білмеуі ұят саналатын жеті ата туралы айтылатын. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, қазақтың өткені мен болашағын жалғап келе жатқан халықтың осы бір ауыр, бірақ үйлесімді тіршілігінің мәңгі және аса мәнді екенін сезінетін. Ол, әсіресе, ежелгі аңыздар мен бабалардың наным-сенімдері туралы үлкендер айтатын әңгімелерді ықыласпен тыңдайтын.

# ҚЫЗМЕТ ЖОЛЫ

- 1960 жылы Днепродзержинск техникалық училищесін, 1967 жылы Қарағанды металлургия комбинатына қарасты жоғары техникалық оқу орынын, 1976 жылы Кеңес Одағы коммунистік партиясы Орталық комитетіне қарасты Жоғары партия мектебін бітірген.
- Еңбек жолын 1960 жылы Теміртау қаласындағы Қарағанды металлургия комбинатында қатардағы жұмысшы болып бастап, домна пешінің аға газдаушылығына дейінгі жолдан өтті.
- 1960—69 жж. — Қарағанды металлургия зауытында жұмыс істеді.
- 1969—73 жж. — Қарағанды облысы Теміртау қаласындағы партия-комсомол жұмыстарында жауапты қызметтер атқарды.
- 1973—77 жж. — Қарметкомбинаттың партком хатшысы.
- 1977—79 жж. — Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшысы, 2-ші хатшысы.
- 1979—84 жж. — Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы.
- 1984—89 жж. — Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы.
- 1989—91 жж. — Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы,
- 1990 ж. ақпан—сәуір аралығында Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің төрағасы болды.
- 1990 ж. сәуірінен — Қазақ КСР президенті.
- 1991 ж. желтоқсанның 1-інде тұңғыш рет Қазақстан Республикасы Президентінің жалпыхалықтық сайлауы өтті. Сайлау нәтижесінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев басым дауыспен (98,78 %) жеңіске жетті.
- 1995 ж. сәуірдің 29-ында жалпыхалықтық референдум нәтижесінде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өкілеттігі 2000 ж. дейін ұзартылды.
- 1999 ж. қаңтардың 10-ында өткен жалпыхалықтық сайлаудың нәтижесінде Н. Назарбаев 79,78 % дауыс алып, Қазақстан Республикасы Президенті болып қайта сайланды.
- 2005 ж. желтоқсанның 4-інде сайлаушылардың 91,5 % дауысын алып, Қазақстан Республикасының Президенті болып қайта сайланды.<sup>[14]</sup>
- 2011 ж. сәуірдің 3-інде сайлаушылардың 95,5 % дауысын алып, Қазақстан Республикасының Президенті болып қайта сайланды.<sup>[12]</sup>
- 2015 ж. сәуірдің 26-ында сайлаушылардың 97,7 % дауысын алып, Қазақстан Республикасының Президенті болып қайта сайланды.<sup>[13]</sup>

Полное название  
Форма правления  
Столица

Республика Казахстан  
Республика  
Астана



Нурсултан  
Абишевич  
Назарбаев



*Еліңнің ұлы болсаң,  
еліңе жаның ашыса,  
азаматтық намысың  
болса, қазақтың ұлттық  
жалғыз мемлекетінің  
нығайып көркеюі  
жолында жан теріңді  
сығып жүріп еңбек ет.  
Жердің де, елдің де иесі  
өзің екенін ұмытпа!*

*Егер біз мемлекет  
болып тұрғымыз келсе,  
өзіміздің  
мемлекеттігімізді ұзақ  
уақытқа меңзеп  
құрғымыз келсе, онда  
халықтың руханиятының  
бастауларын  
түсінгеніміз жөн*

*Нұрсұлтан Әбішұлы  
Назарбаев*